

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Лауазымдық нұсқаулық Шаруашылық бөлімінің автокөлік қызметінің бастығы	ЛН 263-2024 Нұсқа 01 Күні 2024.10.01 7 беттің 1-беті
---	---	---

Бекітемін
«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды
техникалық Университеті» КеАҚ
Басқарма Төрағасы – Ректоры
_____ Сагинтаева С.С.
« ____ » _____ 2024 ж.

ЛАУАЗЫМДЫҚ НҮСҚАУЛЫҚ

ШАРУАШЫЛЫҚ БӨЛІМІНІҢ АВТОКӨЛІК ҚЫЗМЕТІНІҢ БАСТЫҒЫ

ЛН 263-2024

Өзірлеген: ӨЗД директоры
М.М.Кожухова _____

Дана №. _____

Көшірме № _____

Қарағанды

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Лауазымдық нұсқаулық Шаруашылық бөлімінің автокөлік қызметінің бастығы	ЛН 263-2024 Нұсқа 01 Күні 2024.10.01 7 беттің 2-беті
---	---	---

1 Қолдану саласы

Осы лауазымдық нұсқаулық (бұдан әрі-ЛН) «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ) сапа менеджменті жүйесіндегі шаруашылық бөлімінің автокөлік қызметінің бастығының басқа персоналымен лауазымдық міндеттерін, құқықтарын, жауапкершілігін және өзара қарым-қатынасын айқындайды.

2 Жалпы қағидалар

2.1 Автокөлік қызметінің бастығы әкімшілік-басқару персоналы санатына жатады.

2.2 Автокөлік қызметінің бастығы лауазымына тағайындау және одан босату шаруашылық бөлімі (бұдан әрі-ШБ) бастығының ұсынуы бойынша «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ Басқарма Төрағасы – ректорының бұйрығымен жүргізіледі.

2.3 Автокөлік қызметінің бастығы шаруашылық бөлімінің бастығына бағынады.

2.4 Бастық өз қызметінде:

- қауіпсіздік ережелерін;
- осы лауазымдық нұсқаулықты басшылыққа алады.

2.5 Бастық болмаған кезде (іссапар, демалыс, ауру, т.б.) оның міндеттерін белгіленген тәртіппен тағайындалған адам орындайды, ол тиісті құқықтарға ие болады және өзіне жүктелген міндеттерді тиісінше орындауға жауапты болады.

3. Сипаттама

3.1 Біліктілік талаптары:

Автокөлік қызметі бастығының лауазымына кадрлар даярлаудың тиісті бағыты бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі және автомобиль көлігінде кемінде 3 жыл жұмыс өтілі бар немесе тиісті мамандық (біліктілік) бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі (арнаулы орта, кәсіптік орта) білімі және автомобиль көлігінде кемінде 5 жыл жұмыс өтілі бар адам тағайындалады.

3.2 Автокөлік қызметінің бастығы:

- автокөлік ұйымдарының өндірістік-шаруашылық қызметіне қатысты заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілерін;

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Лауазымдық нұсқаулық Шаруашылық бөлімінің автокөлік қызметінің бастығы	ЛН 263-2024 Нұсқа 01 Күні 2024.10.01 7 беттің 3-беті
---	---	---

- «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат жөніндегі басқа да нормативтік құқықтық актілерді;

- автокөлік құралдарының құрылысын, мақсатын, конструктивтік ерекшеліктерін, техникалық-пайдалану деректерін және техникалық пайдалану тәртібін;

- еңбекақы төлеу жөніндегі қолданыстағы ережелерін және автомобиль көлігі қызметкерлерін материалдық ынталандыру нысандарын;

- есепке алуды жүргізу және белгіленген есептілікті жасау тәртібін;

- есептеу техникасын пайдалану тәртібін;

- жол қозғалысы тәртібін;

- экономика, өндірісті ұйымдастыру, еңбек және басқару негіздерін;

- еңбек заңнамасын, ішкі еңбек ретінің тәртібін, еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі талаптарын білуі керек.

3.3 Лауазымдық міндеттері:

- автокөлік құралдарын тиісті жағдайда ұстауды қамтамасыз ету;

- техникалық жарамды жағдайда бекітілген кестеге сәйкес жылжымалы құрамды желіге шығаруды ұйымдастыру;

- жүргізушілердің автокөлік құралдарын техникалық пайдалану тәртібін сақтауын және оларға желіде қажетті техникалық көмек көрсетуін бақылауды жүзеге асыру;

- техникалық ақауларға байланысты желіден автомобильдердің тоқтап қалуын, мерзімінен бұрын қайтарылуын жоюға бағытталған іс-шараларды әзірлеу және енгізу;

- жол-көлік оқиғаларының және жүргізушілердің жол қозғалысы тәртібін бұзуының себептерін талдау;

- өндірістік ғимараттарды, құрылыстар мен гараж жабдықтарын ағымдағы жөндеуді, қауіпсіз және салауатты еңбек жағдайларын қамтамасыз ету;

- гаражды абаттандыру, іргелес аумақты көгалдандыру және жинау бойынша іс-шараларды әзірлеу және енгізу;

- жанар-жағармай материалдарымен қамтамасыз етуді, жылжымалы құрамға уақтылы қызмет көрсетуді және дұрыс сақтауды бақылауды жүзеге асыру;

- мүдделер қақтығысын болдырмау немесе реттеу туралы шектеулерді, тыйымдар мен талаптарды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды және өзге де шектеулерді сақтауға;

- кадрларды іріктеу және орналастыру және оларды орынды пайдалану жөнінде шаралар қабылдау;

- қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, сондай-ақ корпоративтік әдеп қағидаларын сақтауын бақылауды жүзеге асыру;

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Лауазымдық нұсқаулық Шаруашылық бөлімінің автокөлік қызметінің бастығы	ЛН 263-2024 Нұсқа 01 Күні 2024.10.01 7 беттің 4-беті
---	---	---

- қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау тәртібін, өндірістік және еңбек тәртібін, ішкі еңбек тәртібін, өрт қорғау талаптарын сақтауын қамтамасыз ету.

- электрондық құжаттардың қағаз түпнұсқаларға сәйкестігі үшін, сондай-ақ «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ электрондық құжат айналымы жүйесінде оларға мәліметтерді уақтылы енгізу үшін дербес жауапты болуға;

- тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі шеңберінде келесі функцияларды орындау:

1) ШБ автокөлік қызметінің тәуекелдерін тұрақты негізде сәйкестендіру, құжаттау және бағалау, макроорта факторларының мониторингі, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесіндегі өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес тәуекелдер мониторингі;

2) бақылау рәсімдері бойынша ұсыныстарды қоса алғанда, хо автокөлік қызметінің тәуекелдеріне ден қою және оларды азайту жөніндегі іс-шаралар жоспарларын, тәуекелдер Тізілімін және Карталарын әзірлеу бойынша;

3) әдістемелік және нормативтік құжаттаманы әзірлеу және тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау әдістері мен тәсілдері бойынша ұсыныстарды қалыптастыру, ШБ автокөлік қызметінің тәуекелдерді басқару бойынша белгіленген есептілікті ұсыну;

4) университетте тәуекел мәдениетін дамыту процесіне жәрдемдесу;

5) тәуекелдерді басқару мәселелері жөніндегі жұмыс топтарына және комиссияларға қатысу.

3.4 Құқықтары:

- өзіне бағынысты қызметкерлерді көтермелеу немесе әкімшілік жазалау туралы ұсыныстар енгізуге;

- еңбек және өндірістік тәртіпті бұзған адамдарды жұмыстан шеттетуге және оларды жұмыстан шығаруға құқығы бар.

3.5 Жауапкершілігі:

- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында айқындалған Ережеде көзделген өз қызметтік міндеттерін тиісінше орындамағаны немесе орындамағаны;

- Қазақстан Республикасының қолданыстағы әкімшілік, қылмыстық және азаматтық заңнамасында айқындалған шектерде өз қызметін жүзеге асыру процесінде жасалған құқық бұзушылықтар;

- тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі шеңберінде мынадай іс-шараларды орындамағаны үшін:

1) өз қызметі саласындағы елеулі тәуекелдерді уақтылы анықтау және хабардар ету, сондай-ақ іс-шаралар жоспарына енгізу үшін оларды басқару бойынша ұсыныстар беру;

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Лауазымдық нұсқаулық Шаруашылық бөлімінің автокөлік қызметінің бастығы	ЛН 263-2024 Нұсқа 01 Күні 2024.10.01 7 беттің 5-беті
---	---	---

2) тәуекелдерді азайту жөніндегі бекітілген іс-шаралар жоспарларын орындау және іс-шараларға қатысушылардың іс-қимылдарын үйлестіру;

3) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесіндегі өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес ШБ автокөлік қызметінің тәуекелдерді басқару жөніндегі есептілігін қалыптастыру;

- материалдық залал келтіргені үшін
- Қазақстан Республикасының қолданыстағы еңбек және азаматтық заңнамасында айқындалған шектерде;
- университеттің еңбек тәртібі мен ішкі тәртіп ережелерін бұзғаны үшін жауап береді.

3.6 Қарым-қатынастар

Жұмыс барысында ШБ автокөлік қызметінің бастығы барлық құрылымдық бөлімшелермен қызметтік өзара қарым қатынасқа түседі.

4 Құжатқа өзгерістер енгізу

Осы ЛН-ге:

- функциялар мен лауазымдық міндеттерді қайта бөлу кезінде;
- қайта құру немесе қысқарту кезінде;
- ұйымның немесе құрылымдық бөлімшенің атауын өзгертуге;
- ұйымның немесе лауазымның атауын өзгертуге байланысты енгізіледі.

5 Келісу және қолданысқа енгізу

Лауазымдық нұсқаулық:

- инфрақұрылымды дамыту жөніндегі директормен;
- заң бөлімінің бастығымен;
- ПОҚ және қызметкерлер кәсіподақ комитетінің төрағасымен келісіледі.

Лауазымдық нұсқаулықты «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ Басқарма Төрағасы-ректоры бекітеді.

6 Сақтау

Лауазымдық нұсқаулық қызметкердің назарына «Танысу парағында» (Б қосымшасы) лауазымдық нұсқаулықтың түпнұсқасында және көшірмесінде қол қойылып жеткізіледі. Танысу туралы қолы қойылған бекітілген нұсқаулықтың ескерілген данасы ШБ-ға беріледі, ал түпнұсқасы әкімшілік-заң департаментінің (ӘЗД) кадр бөлімінде сақталады.

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Лауазымдық нұсқаулық Шаруашылық бөлімінің автокөлік қызметінің бастығы	ЛН 263-2024 Нұсқа 01 Күні 2024.10.01 7 беттің 6-беті
---	---	---

А қосымшасы
(міндетті)

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Лауазымдық нұсқаулық Шаруашылық бөлімінің автокөлік қызметінің бастығы	ЛН 263-2024 Нұсқа 01 Күні 2024.10.01 7 беттің 7-беті
---	---	---

Б қосымшасы
(міндетті)

Φ.02-2024

Танысу парағы

[illegible]

Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады